



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті

Қазақ тілі білімі кафедрасы

Мамаева Гүлнар Бейсенқызы

Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор





**Пән атауы: “Қазақ тілінің
терминологиясы”**

Астана, 2022




Дәріс тақырыбы: Терминжасамның аналитикалық тәсілі

Қарастырылатын мәселелер:


- Аналитикалық тәсілдің терминжасам жүйесіндегі ерекшелігі;
- Аналитикалық тәсіл арқылы терминдердің жасалу жолдары.



*Қос сөз, жалпылағыш
қос сөздер, жақылағыш
қос сөздер жайында
«Тіл-құралда» мәлімет
берілген [1, 155].*



А. Байтұрсынұлының
«Тіл-құралы» сөзжасам
тәсілдері, олардың
түрлері туралы теория
әлі қалыптаспаған кезде
жазылған еді.



«Қазақ тілінің сөзжасамы» еңбегінде
аналитикалық тәсілге анықтама
берілген.

«Аналитикалық тәсіл деп екі я онан да
көп сөзден бір лексикалық мағыналы
сөздің жасалуы аталады» [2, 37].

Мысалы, *елтаңба, келісімшарт*
(контракт), ақ орда, гарым аймағы, ақ
түйіршік т.б.

Үш сөзден терминдер	жасалған	<i>алғашқы қауым адамы, пайдалы қазба сапасы, жарты шеңберлі маңдайша, қоспаның қолайлы жайылуы</i>
Төрт сөзден терминдер	жасалған	<i>кәмелетке толмаған құқық бұзушылар, қан тамырын қысу тәсілі, қара дененің сәуле шығаруы, шертіп ойналатын музыкалық аспаптар</i>
Бес сөзден терминдер	жасалған	<i>американдық қоғамдық пікірді зерттеу институты, құм жолақтарының пайда болу теориясы, төтенше жағдайға байланысты жаппай эмиграция, қатты қорытпалы тілімшікпен қамтылған бұрғы</i>

А.В. Суперанская
терминнің қысқалылығы,
яғни бір сөзбен күрделі
ұғымның мән-мағынасы
ашылмайтыны жөнінде:

«Терминам-словосочетаниям
отдается предпочтение в силу
того, что они способны с
наибольшей полнотой
отразить необходимые
отличительные признаки
именуемого понятия» [3, 132].

**Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердегі
сөздердің тіркесі:**

1	Сын е. + зат е. тіркесі	<i>ақ үрпек, ақ түлкі, жабайы ара, қосалқы мүшелер</i>
2	Зат е. + зат е. тіркесі	<i>ауа газы, заттар құрылысы, көмір қышқылы, мұнай майлары</i>
3	Есімше + зат е. тіркесі	<i>қаныққан ауа, сынған жарық, тармақталған тізбек</i>
4	Етістік + зат е. тіркесі	<i>ауысу биіктігі, басқару тұтқасы, жанасу пункті, жөнелту жолы</i>
5	Зат е. + етістік тіркесі	<i>бұрыштық үдеу, дәрежеге шығару, жинақылықты жылдамдату</i>

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған тіл, әдебиет терминдері	
Екі құрамды терминдер	<i>ашық рай, айшықтау құралы, ақпарат арналары, аралас ұйқас, әдеби мұра, болымсыз сөйлем, буын жігі, екпінді буын т.б.</i>
Үш құрамды терминдер	<i>есімнен жасалған етістіктер, жазушының шығармашылық даралығы, салалас құрмалас сөйлем, шытырман оқиғалы әдебиет т.б</i>
Төрт құрамды терминдер	<i>сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары, көркем шығармашылықты кешенді зерттеу, жалғаулықсыз сабақтас құрмалас сөйлем, т.б.</i>
Бес құрамды терминдер	<i>жарыспалы бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем, бір мүшелі сабақтас құрмалас сөйлем, бір құрамды сөйлемнің бас мүшесі т.б.</i>

Аналитикалық тәсіл арқылы кілең **күрделі тіркестер** жасалады. Мынадай басты-басты модельдерді іштей жіктеп көрсетуге болады:

1	Термин құрайтын екі компоненттің екеуі де бір-біріне тәуелсіз тең мағыналы төл түбірлер болып келуі мүмкін.	<i>көзқарас, үшбұрыш, өнеркәсіп, еңбекақы, қолтаңба, өмірбаян, қолөнер т.б.</i>
2	Біріктірілетін сөздің бірі туынды түбір болып, яғни лексикалық единицалардың жасалуына морфологиялық амалдар қатысуы арқылы жасалуы мүмкін. Бұны бір жағынан, морфологиялық-синтаксистік біртұтас тәсіл ретінде қарауға болады.	<i>сенімхат, өнертапқыш, қос өкіметтілік, онкүндік, бесжылдық, атқосшы, тарихтану т.б.</i>
3	Төл түбір мен кірме сөздердің бірігуінен жасалуы мүмкін.	<i>киножарнама, киNOTаным т.б.</i>
4	Күрделі термин септігі тиген байырғы қоссөздер қатары.	<i>орақ-балға, тәлім-тәрбие, үгіт-насихат, қоғамдық-саяси, оқу-ағарту т.б.</i>
5	Қосарлы қалпында тұтас қабылданған терминдер.	<i>марксизм-ленинизм, философиялық-методологиялық т.б.</i>

Қысқарған сөздердің жасалу жолдары



1	Дыбыстық я әріптік қысқарымдардан жасалған зат есімдер.	<i>ТМД, БАҚ, АҚШ, БҰҰ т.б.</i>
2	Буындық я бөлімдік қысқарымдардан жасалған зат есімдер.	<i>Қалатком, кеңшар т.б.</i>
3	Дыбыстық, әріптік және буындық қысқарымдардан жасалған зат есімдер.	<i>ҚазМУ, ҚазААГ (қазақтың ақпарат агенттігі) т.б.</i>
4	Буындық я бөліктік қысқарым мен тұтас сөз бірікпесінен жасалған зат есімдер.	<i>Мемтерминком, Қазақтелеком, ҚазМұнайГаз, Меммүлік т.б.</i>

Химиядағы Д.И.Менделеев кестесі қысқарту арқылы жасалған. **Элементтің бас әрпінен қысқарту:** *S – күкірт, B – бор, P – фосфор, I – йод, W – вольфрам.*

Элементтің бірінші буынынан қысқарту: *Na – натрий, Al – алюминий, Ra – радий, Cr – хром.*

Сондай-ақ тағы басқаша да қысқарған элементтер бар. Мысалы: *Cd – кадмий, Rn – радон, Nb – ниобий т.б.*

1	Ұзындық өлшемі	<i>м – метр, дм – дециметр, см – сантиметр, мм – миллиметр</i>
2	Көлем өлшемі	<i>м³ – метр куб, дм³ – дециметр куб, см³ – сантиметр куб</i>
3	Салмақ өлшемі	<i>т – тонна, ц – центнер, кг – килограмм, г – грамм</i>
4	Тригонометрия	<i>Sinx, cosx, tgx, ctgx</i>
5	Офтальмология	<i>EEG (electroencephalogram) – электроэнцефалограмма, D (diopter) – диоптрия</i>

- 
- Терминжасамның аналитикалық тәсілі терминологияның барлық саласында қызмет атқарады.
 - Аналитикалық тәсіл арқылы терминдер түрлі құрамда жасалады.
 - Аналитикалық тәсіл терминге қойылатын терминнің қысқа болу керек деген талабына қайшы болса да, терминнің дефинициясын аналитикалық тәсіл толық ашатындықтан, терминжасамда ол жиі қолданылады.
 - Аналитикалық тәсіл терминжасамның негізгі тәсілдерінің бірі екені ғылымда танылған.
- 

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: АБ ТОО, 2002. – 190 б.
3. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 248 с.
4. Мамаева Г. Қазақ тілінің терминжасам жүйесі: монография / Г.Мамаева – Алматы: «ССК» баспасы, 2019. – 304 б.
5. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 400 б.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

6. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.

7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1964. – 398 б.

8. Ақаев С. Терминнің тілдік және танымдық сипаты: филол. ғыл. Док. Дисс. автореф. – Алматы, 2003. – 60 б.



Назарларыңызға рақмет!